

Кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 285-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 22581 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция
министрінің м.а.

Е. Казанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция
министрінің м.а.
2021 жылғы 19 сәуірдегі
№ 285-НҚ Бұйрығына
қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Химиялық өнімдерді алдын ала таңбалау кезінде жазылатын қауіптіліктің стандартты белгілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі № 115 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5207 болып тіркелген).

2. "Ойыншықтарды таңбалау, сәйкестік белгісінің кескінін және оған қойылатын талаптар ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 480 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5417 болып тіркелген).

3. "Ойыншықтарды таңбалау, сәйкестік белгісінің кескінін және оған қойылатын талаптар ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 480 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы және "Атаулы таңбаны уәкілетті ұйымда міндетті тіркеу және уәкілетті органға тіркелген атаулы таңбалар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 299 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2019 жылғы 14 қарашадағы № 97 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19615 болып тіркелген).